

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы
Қоғамдық кеңес отырысының
№11 ХАТТАМАСЫ**

14 мамыр 2019 жыл

Алматы қ.

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері:

- 1) Сейпульник Евгений Валерьевич, Кеңес Төрағасы;
- 2) Донских Алевтина Александровна, Кеңес төрағасының орынбасары;
- 3) Александра Алехова;
- 4) Гүлсара Алтынбекова;
- 5) Алексей Байтеев;
- 6) Татьяна Батищева;
- 7) Ерлан Бурабаев;
- 8) Азамат Жолдасбеков;
- 9) Ирина Ледовских;
- 10) Жұмагүл Тәжібекова;
- 11) Ерғайп Шайхутдинов.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Құрманов Жанат Бостанұлы, «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының Төрағасы;
- 2) Егеубаева Сауле Аскарловна, БЖЗҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Өтеғұлов Мәулен Амангелдіұлы, «БЖЗҚ» АҚ басқарушы директоры;
- 4) Төлегенова Жанар Қорғанбекқызы, «БЖЗҚ» АҚ басқарушы директоры;
- 5) Фазылова Кәмілә Нұрланқызы, стратегиялық даму және актуарлық есептеулер департаментінің директоры;
- 6) Забих Қадыржан Жасұланұлы, жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры;
- 7) Ақмаева Марина Абрахманқызы, БЖЗҚ БАҚ-пен байланыс бөлімінің бастығы, Кеңес хатшысы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк өкілі (дауыс беру құқығынсыз):
Нұржан Нұрғазин, ҚР ҰБ монетарлық операциялар департаментінің басқарма бастығы;

Отырысқа Кеңестің 11 мүшесі қатысты. Кворум бар.

Отырысты «БЖЗҚ» АҚ-ның Басқарма Төрағасы Ж. Б. Құрманов ашып, отырысқа қатысушылармен амандасты және Кеңес жұмысының маңыздылығын атай отырып, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

КҮН ТӘРТІБІ

1) «БЖЗҚ» АҚ-ның 2019 жылдың 1 тоқсанындағы қызметі туралы есеп (баяндамашы – стратегиялық даму және актуарлық есептеу департаментінің директоры К.Н. Фазылова)

2) халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы хабардар болу деңгейі, жүйеге және БЖЗҚ – ға сенім деңгейі туралы тәуелсіз компания жүргізген әлеуметтік зерттеу

нәтижелері (баяндамашы-стратегиялық даму және актуарлық есептеулер департаментінің директоры К.Н. Фазылова.)

3) БЖЗҚ-ның 2019 жылға арналған жоспарлары (баяндамашы – «БЖЗҚ» АҚ Басқарма Төрағасы Ж. Б. Құрманов.)

4) 2019 жылы зейнетақы активтерін басқару (баяндамашы – ҚРҰБ МОД зейнетақы активтерімен дилингтік операциялар басқармасының бастығы Н. Нұрғазин)

5) Әр түрлі. Ұйымдастыру мәселелері.

Одан әрі отырысты Кеңес төрағасы Евгений Сейпульник жүргізді.

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ СДАЕД директоры Қ.Фазылова сөз сөйледі. Қор қызметінің 2019 жылдың 1 тоқсанындағы алдын ала негізгі көрсеткіштері ұсынылды. 2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша зейнетақы жинақтары жыл басынан бері 3% - ға ұлғайып, 9,6 трлн теңгені құрады. Таза инвестициялық табыс өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 46% - ға асып, 96 880 млрд теңгені құрады (2018 жылдың 1 тоқсанында 30 444 млрд теңге). 2019 жылдың үш айында зейнетақы активтерінің табыстылығы инфляция 1,3% болған кезде 1%-ды құрады. Кеңес мүшелерінің неліктен инфляция кірістіліктен асып түседі деген сұрағына жыл басындағы инвестициялық кірістің төмендеуі құралдарды валюталық қайта бағалаумен байланысты тән үрдіс болып табылады және кірістілік көрсеткішін неғұрлым ұзақ мерзімді кезеңде қарау қажет екендігі түсіндірілді. Зейнетақы жинақтарының кірістілігі соңғы 12 айда 11,5%-ды құрады, ал осы кезеңдегі инфляция 4,8%-ы құрады. Осылайша, зейнетақы активтерінің нақты табыстылығы инфляциядан 6,7 пайыздық тармаққа артып, оң болып қалуда.

Сондай-ақ, жарналар мен БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер құрылымы туралы айтылып, БЖЗҚ-ның қызмет көрсету сапасы, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары сияқты қызмет нәтижелерінің басқа да көрсеткіштері келтірілді.

Баяндамашы зейнетақы төлемдерінің параметрлері мен тетіктерін жетілдіру (төлемдер кестесінен өмір бойғы зейнетақы төлемдеріне көшу), ерікті зейнетақы жарналарын дамыту, шартты-жинақтаушы құрамдауышты енгізу, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Келісім жобасын дайындауға қатысу, зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару тәртібін оңтайландыру бөлігінде ЖЗҚ дамыту және ҚР заңнамасын іске асыру жөніндегі ұсыныстарға жеке тоқталды. Толық деректер Қор сайтының «Қоғамдық кеңес» бөлімінде орналастырылған таныстырылым тұсаукесерде берілген.

Дайындалып жатқан жаңа енгізілімдерді талқылау кезінде Кеңес мүшесі Ерлан Бурабаев өмір бойғы зейнетақы төлемдеріне көшу туралы ұсыныстарға қатысты сұрақ қойды, бұл жаңалық сақтандыру нарығына қалай әсер етеді және қызметтің осы түрін ұсыну бойынша тең бағадағы бәсекелестік болады ма? БЖЗҚ басшылары БЖЗҚ-ның зейнетақы төлемдері тетігін жетілдіру жөніндегі ұсыныстары жинақтары зейнетақы аннуитетін сатып алу үшін өмірді сақтандыру компанияларының талаптарына жетпейтін азаматтарға қатысты болатынын түсіндірді. Кеңес отырыстарының бірінде Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының және сақтандыру компанияларының өкілдерімен осы мәселені талқылау ұсынылды.

Төмендегі ұсыныс түсті:

- БЖЗҚ-ның 2019 жылдың 1-тоқсанындағы қызметі туралы есеп назарға алынсын;

- күн тәртібінің 5-мәселесін қарау шеңберінде Кеңестің жұмыс жоспарының жобасына Кеңес отырыстарының бірінде Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының

және сақтандыру компанияларының өкілдерімен өмір бойғы зейнетақы төлемдері туралы мәселені талқылауды қосу.

Жоба шешімі дауыс беруге шығарылды.

«Қолдағандар» - 11,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан».

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

тағы да «БЖЗҚ» АҚ СДАЕД директоры Қ.Фазылова сөз сөйледі. Ол 2019 жылдың басында тәуелсіз компаниямен бірлесіп Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығы деңгейін және халықтың зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ-ға сенім дәрежесін анықтау бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізілгенін хабарлады. Фазылова зерттеу барысында Қазақстанның 14 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаланың ересек тұрғындарына жаппай (үш мың адам) сауалнама жүргізілгенін түсіндірді. Алдыңғы зерттеу 2017 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген болатын және қазіргі нәтиженің жақсарғанын байқауға болады. ЖЗҚ туралы базалық білімі бар халықтың үлесі 58,2%-дан 60,2%-ға дейін ұлғайды. БЖЗҚ-ға деген сенім деңгейі бір жыл ішінде 10 балдық дәрежеде 5,7%-дан (2017 ж. желтоқсан) 6,4-ке дейін, ал ЖЗҚ-ға сенім деңгейі 5,9-дан 6,3-ке дейін артты. Халықтың сенім деңгейі бойынша ең аз және ең жоғары балл алған республика облыстары аталды. Толық деректер Қор сайтының «Қоғамдық кеңес» бөлімінде орналастырылған тұсаукесер таныстырылымда жарияланған.

Ұсыныс түсті:

–Зерттеу нәтижелері туралы ақпарат назарға алынсын; Шешім жобасы дауыс беруге шығарылды.

«Қолдағандар» - 11,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов сөз сөйледі. Ол жалпы БЖЗҚ қызметінде сабақтастық сақталатынын атап өтті. Қор 2017 жылғы қазанда Директорлар Кеңесі бекіткен 2017-2021 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу үшін міндеттерді орындау жөніндегі жұмыстарды жалғастырады.

Корпоративтік стратегияда үш негізгі мақсат қарастырылған, олар:

- үздік тәжірибелер стандарттарына сәйкес сапалы қызмет көрсету,

- Қазақстан халқы арасында Зейнетақы жинақтарын жоспарлау мәдениетін дамыту,

- жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі дамыту бағыттары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын іске асыру.

Басқарма төрағасы 2019 жылы қойылған әрбір мақсатқа жету бойынша жасалатын нақты іс-шаралар туралы хабарлады.

Ұсыныс түсті:

- 2019 жылға арналған жоспарлар туралы ақпарат назарға алынсын; Шешім жобасы дауыс беруге шығарылды.

«Қолдағандар» - 11,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

ҚР ҰБ Монетарлық операциялар департаментінің зейнетақы активтерімен дилингтік операциялар басқармасының бастығы Нұржан Нұрғазин сөз сөйледі, ол зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша ағымдағы жұмыс және 2019 жылы инвестициялаудың негізгі бағыттары туралы айтып берді. Баяндамашы инвестициялық басқару қатаң түрде инвестициялық декларация аясында жүзеге асырылып жатқанын атап өтіп, келесі жайттарға тоқталды. 2016 жылдан бастап дербес және сыртқы сенімгерлік басқару шеңберінде активтер сыныптары бойынша портфельді инвестициялаудың жаңа стратегиясы әзірленді және жұмыс істейді, оның шеңберінде портфельді әртараптандыру мақсатында шетелдік активтердің үлесі үш еседен астам 6,4%-дан 24%-ға дейін ұлғайды, сол уақытта банк секторының үлесі 33,9%-дан 16,8%-ға дейін екі есеге төмендеді. 2018 жылғы портфельдің нақты кірістілігі (үстеме кірістілік) 5,97%-ды құрайды, 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде нақты жинақталған кірістілік (үстеме кірістілік) 9,93%-ды құрайды. Сонымен қатар, баяндамашы 2019 жылы БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау нарық жағдайында жалғасатынын айтты. Кеңес мүшелерінің активтердің бір бөлігін сыртқы басқаруға беру туралы сұрақтарына жауаптар берілді.

Толық ақпарат epnf.kz сайтындағы «Қоғамдық кеңес» бөлімінде орналастырылған.

ҚР ҰБ-тың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару туралы ақпаратын назарға алу туралы ұсыныс түсті.

Шешім жобасы дауысқа салынды.

«Қолдағандар» - 11,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша

Кеңестің 2019 жылдың екінші жартыжылдығына арналған Жұмыс жоспарының жобасы ұсынылды.

12-отырыс, шілде (тамыз) 2019

1) «БЖЗҚ» АҚ-ның 2019 жылдың 1-жартыжылдығындағы қызметі туралы есеп.

2) Зейнетақы активтерін ЗАБК-ға беру.

3) «БЖЗҚ» АҚ-ның проблемалы эмитенттердің активтерімен жұмысы.

13-отырыс, қазан (қараша) 2019

1) «БЖЗҚ» АҚ-ның 2019 жылдың 9 айындағы қызметі туралы есебі.

2) 2020 жылы шартты-жинақтаушы құрамдауыш енгізу. БЖЗҚ-ның техникалық және ұйымдастырушылық дайындығы.

3) ЕАЭО-дағы зейнетақы.

Төмендегідей ұсыныс түсті:

1) Кеңестің жұмыс жоспарының жобасына Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының және сақтандыру компанияларының өкілдерімен өмір бойғы зейнетақы төлемдері туралы мәселені талқылауды қосу;

2) ұсыныстар енгізу үшін Кеңес мүшелеріне жұмыс жоспарының жобасын электрондық арналар арқылы жіберу.

Шешім жобасы дауысқа салынды.

«Қолдағандар» - 11,

«Қарсы» - 0,

«Қалыс қалғандар» - 0.

Дауыс беру қорытындысы: «бір ауыздан». Шешім қабылданды.

ШЕШТІ

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ-ның 2019 жылдың 1-тоқсанындағы қызметі туралы есебі назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша

Халықтың қаржылық сауаттылығы мен жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ-ға деген сенім деңгейін анықтау жөніндегі әлеуметтік зерттеу нәтижелері туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша

«БЖЗҚ» АҚ-ның 2019 жылға арналған жоспарлары туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша

ҚР ҰБ-тың зейнетақы активтерін инвестициялық басқару туралы ақпараты назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша

5.1. Кеңестің жұмыс жоспарының жобасына Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының және сақтандыру компанияларының өкілдерімен өмір бойғы зейнетақы төлемдері туралы мәселені талқылау қосылсын;

5.2. Ұсыныстар енгізу үшін Кеңес мүшелеріне жұмыс жоспарының жобасы электрондық арналар арқылы жіберілсін.

**Отырыс төрағасы
Отырыс хатшысы**

**Е. Сейпульник
М. Акмаева**